

Алғысөз

Фармацевтикалық қызметті ұйымдастыру негіздері – фармацевтикалық маманның кәсіби білімі мен тәжірибесін қалыптастыруда маңызды орын алатын фармацевтикалық арнайы пәндердің бірі.

Фармацевтикалық қызметті ұйымдастыру негіздері пәнін оқу арқылы студенттер «Фармацияның басқарылуы және экономикасы» арнайы кәсіби пәннің фармацевтикалық ұйымдардағы есеп және есеп беру, фармацевтикалық ұйымдардың экономикасы, фармацевтикалық менеджмент және маркетинг бөлімдерінің материалдарын меңгереді.

«Фармацевтикалық қызметті ұйымдастыру негіздері» және «Фармацияның басқарылуы және экономикасы» пәндері – дәрілік заттар айналымы саласы субъектілерінің ұйымдастырылу, басқарылу және экономикалық қызметтерінің жүргізілуін оқытумен айналысады.

Фармацевтикалық қызметті ұйымдастыру негіздері пәнін оқытудың мақсатына фармацевтикалық нарықтың құрылымы мен реттелуі, Қазақстан Республикасында денсаулық сақтау және фармация салаларын нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету, денсаулық сақтау және дәрілік заттар айналымы салаларын мемлекеттік реттеу, тұрғындарға сапалы түрде фармацевтикалық көмек көрсетуде дәрілік заттар айналымы саласы субъектілерінің қызметтерін ұйымдастырып жүргізуде қажетті болатын кәсіби білімдерді, тәжірибелік дағдыларды қалыптастыру жатады.

Фармацевтикалық қызметті ұйымдастыру негіздері тұрғындарға медициналық және дәрі-дәрмектік көмектерді ұйымдастырудың негізгі принциптерін еліміздің денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік және дәрілік заттар айналымы саласындағы дәрілік саясаттардың құқықтық негіздерін, фармацевтикалық көтерме сауда және бөлшек сауда ұйымдарының фармацевтикалық қызметтерін ұйымдастыруды реттейтін құқықтық, нормативтік және нұсқаулық құжаттарды қарастырады.

«Фармацевтикалық қызметті ұйымдастыру негіздері» 051103 – «Фармация» мамандығы бойынша жоғары кәсіби білім берудің мемлекеттік стандарттарында жеке фармацевтикалық арнайы пән ретінде бөлінген.

Оқу құралы мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес жазылған.

Қазіргі кезеңде мемлекеттік тілдегі оқу құралдарының әлі де болса жетіспейтіндігін ескерсек, аталып отырған оқу құралының өзіндік орыны болады деген ойдамыз.

Ұсынылып отырған оқу құралын фармацевтикалық факультеттердің студенттерімен қатар, медициналық колледждердің фармация бөлімдерінің оқушыларының да қолдануларына болады.